

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II. - Б. 202-204

Ғ. МҮСІРЕПОВТИҢ «ҰЛПАН» РОМАНЫҢДАҒЫ КЕЗДЕСЕТІН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ОРНЫ

Болатбек С.Ғ.

Тіл – халықтың рухани болмысымен біте қайнасып, ұлттың тағдырына қызмет етіп, өмірімен өзектес жүре отырады. Қазақ халқының ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, сондықтан тілдік бірліктерді үнемі даму үстіндегі құбылыс ретінде қарастырып, оларды қоршаған әлеммен, адамдардың іс-әрекеттерімен, дүниетанымдық көзқарастарымен, ұлттық құндылықтарымен байланысты сипаттау – тілді зерртеуде өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Біздің ойымызша, фразеологизмдерді құрайтын ұғым белгілі бір түсінік беріп, оның белгілерін көрсетеді, анықтамасын береді, ұғымды бейнелі түрде метафоралар арқылы көрсетеді, ассоциативтік сипаттама жасайды, тағы да басқа ұғымдарды түсіндіре алады.

Тілдегі барлық фразеологизм тіл байлығының тұтас жиынтығы. Фразеологизмге жатқызу үшін басты үш белгі болуы шарт: даяр қалпында жұмсалуды; мағына тұтастығы; тектес тиянақтылығы.

Бұл І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінен аталған шығармадағы фразеологиялардың мағыналары ашылып отыр. Ғалым Г. Смағұлова қазақ фразеологизмдерін келесі стильдік қабаттарға бөледі:

ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер;
кітаби фразеологизмдер;
бейтарап фразеологизмдер;
қарапайым фразеологизмдер [1, 184].

«Ана тіліміздің барша әуезін, нәзіктілігін, икемділігін, мәнділігін жетік сезініп, жеріне жеткізе түсіну үшін, сөз мағынасын, оның қыр-сырын ашудың маңызы үлкен. Сөз әлемінің таңғажайып сырларын жете түсініп, қапысыз ұғу үшін де, сөз мағынасының қат-қабат, сан-салалы қалтарысын ашып берудің қажеттігі түсінікті. Сөз әлемнің «Кез келген ұлт тілінде өз тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі, ұлттық менталитетіне сай ертеден қалыптасқан, қолданыста жүрген тұрақты тіркестері бар. Тіл білімінде оларды фразеологизмдер деп атайды. Қазақ халқы өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, қала берді табиғат аясындағы көшпелі өмір салты – «ішімдегінің бәрі – тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімде» дегеніндей, қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады» [1].

Осыған орай, қазақ фразеологиясының мағыналас топтары тілдегі адамдық фактор тұрғысынан жалпы ұғымдық қатыста түсіндірілетін фразе-семантикалық топтарға бөлініп, олар он төрт тақырыпты қамтиды. Бұл ретте мағыналас қатарлар алдымен жалпы фразеологиялық семантикаға негізделі отырып, жалпыдан жалқыға сияқты иерархиялық принциппен жүйеленеді. Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына [2].

Қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер әдеби тіл нормасына сай келмейтін мағынасы дөрекі фразеологизмдерді қарапайым фразеологизмдер деп атаған жөн.

Алайда, бұл тұрақты тіркестер әдеби тіл нормасын бұзғанмен, тілімізде әсіресе көркем шығармада кейіпкер тілінде кездеседі. Осындай фразеологизмдер арқылы кез келген жазушы кейіпкердің бейнесін ашу үшін, соның ой-өрісін, мінез-құлқын, әлеуметтік жағдайын, өскен отрасын көрсету мақсатында қолданылады [1].

Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымның мағынасына қарай таңдайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің қатар басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөз /доминант/ - лексикалық мағынадан басталуы керек. Яғни мағыналас фразеологизмдердің доминанты ретінде қатар басында жалпы тірек ұғымға негізделген лексикалық мағына – бір сөзден тұрады. 1. Бір қос жылқының осы арада қыстап шығарына Есенейдің көзі жетті. Көзі жетті – кәміл сенді, ақиқатына қанды.

Екі оттың арасында қалмадым ба! Ел не қыламын десе де өзі білсін.

Екі оттың арасында қалу – айнала қиындыққа ұшырады.

Батыр адам белінен қадалған оқты өз қолымен жұлып алып лақтырып жіберді де, ет қызуымен шаба түсті.

Ет қызумен – алғашқы қарқын, айнала қиындыққа ұшырады.

Сонда да он жастағы бала Тілеміс міз бақпай сілейіп тұрып қалды.

Міз бақпай – бүлк еткен жоқ, бедірейді де қалды, шыдап бақты

Мүсіреп енді абайласа Садақ осы араға жеткенше елу қадам жер бауырлапты.

Жер бауырлапты – жата қалып жылады, қатты қайғырды, уайымдады.

Жер жастанғыр балалары қалай сотқар еді?

Жер жастанғыр – қарғыс мағынасында.

Еменалының түн ішінде келіп Мүсірептің үйіне бүлік салғаны осының салдары еді,

Бүлік салғаны – жанжал шығарып, жанжал туды, ұрыс-керіске айналды.

Ұлпанның өз ауылыда шыр бітпеген кедей болатын.

Шыр бітпеген кедей – жүдеді, арықтады, жағдайы жоқ.

Қара нанға құл болып, ханына тіл тигізген.

Тіл тигізген – балағаттады.

Бағың ашылар, қарағым. Теңіңі кездесерсің әлі жылама.

Бағың ашылар – маңдайы ашылды, ырысы тасылды.

Бай адамның айналасы сонша кедей, көзінен сорасы аққан осынша сорлы бола ма екен?

Көзінен сорасы ағу – көзінен былшығы ағып, көзінен жасы төгіліп, бейберекеті кету.

Сол күйіктен осы күнге дейін қысы – жазы киіз үйде отырып келген Еменалы қыстау салуға бел байлады.

Бел байлады – бір нәрсені істеуге шындап кірісті, тәуекел етті.

Ұлпан табақты бас салып, еркекше жей бастады.

Бас салды – олай-бұлайға қаратпады, бұлтартпады, шап беріп ұстай алды.

Шапқыншы көбейген сайынатақты ұзын құлағымызда ұзара берді.

Ұзын құлақ – әркімнің айтқан лақап сөздері.

Бір қос жылқының осы арада қыстап шығарына Есенеидің көзі жетті.

Көзі жетті – кәміл сенді, ақиқатына қанды.

Қазақ тілі ұлт болмысының өзіндік ерекшеліктерін танытатын бейнелі тіркестерге өте бай. Ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің есепсіз тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі фразеологизмдерге жүгінген жөн.

Халықпен бірге жасап келе жатқан эмоциялық мазмұны жоғары образды тіркестердің өміршеңдігін оның қолданысынан байқауға болады. Қазіргі жазба әдеби тілдің қатталған беттерінде қалып бара жатқан фразеологизмдерді бүгінгі ұрпақ тілінен жиі ұшырату қиын.

Қазіргі қазақ ұлтының /жастарының/ ойы терең болғанымен тілі жұтаң. Ал жастар тілі мүлде қасаң тартып, қысқа қайырылатын сөздер мен тіркестерге ауысуда. Өмір ағыны дәуір екінінің әсерінен асығыс, қысқа да нұсқа сөйлейтін ұрпақ тілінде мәнерлілік азайып келеді. «Сөзі өмірдің оғындай», «тілінің майын тамызып», «өткір тілді» шешен сөйлейтіндер бұрынғының қазағы болып елестейтіндей. Алайда жас буын уақыт өте келе қалай дегенмен де ана тілінің мәйегін іздейтіні хақ. Рухани құндылық - қашан да сол ұлттың төлқұжаты.

Олай болса, фразеологиялық сөздіктер арқылы көп құндылықтардың бірі ретінде туған тіліміздің астарлы сөздерінің құпиясын ашады деген оймен жеткізгіміз келіп отыр.

Әдебиеттер тізімі

1 І. Кеңесбаев. Фразеологизмдер анықтамалы қсөздігі. – Алматы, 1997. 531 б.

2 Г. Смағұлова. Сөздік. Мағыналас фразеологизмдер, - Алматы, 2010. – 252 б.

3 Ғ. Мүсірепов. «Ұлпан» романы, 2001. 353 б.
<http://kaz.slovpedia.com/>.

Ғылыми жетекшісі: Курманова З.К., филол.ғыл. канд